

# 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# QAZAQ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№29 (1780)  
15 желтоқсан  
2020 жыл

# YNIVERSITETI

[www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz)

[facebook.com/KazakhNationalUniversity](https://facebook.com/KazakhNationalUniversity)

[vk.com/kazuniversity](https://vk.com/kazuniversity)

[instagram.com/KAZNU\\_FARABI](https://instagram.com/KAZNU_FARABI)

## ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ ТҰҒЫРЫ!

1991 жылдың 16 желтоқсанында Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі «ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды қабылдады. Бұл заң арқылы Қазақ Елі өзін дербес, азат, тәуелсіз деп бүкіл әлемге жария етті. Сол кезден бастап - 16 желтоқсан еліміздегі ең маңызды мемлекеттік мереке ретінде аталынып келеді және де бұл күн қазіргі замандағы Қазақстан тарихында аса маңызды тарихи күн болып есептеледі.

## Көне тарих сыр шертеді...

Өткенге көз жүгіртпей – болашаққа сеніммен қарау мүмкін емес. Ал өткенді зерделемей, мықты мемлекет бола алмаймыз. Біздің барлық бүгінгі жақсылығымыз да, жетістігіміз де, дамуымыз да бастауын «Тәуелсіздік» деген бір қасиетті ұғымнан аламыз.

Жыл өткен сайын біздің мемлекетіміздің керегесі кеңейіп, шаңырағы биіктеп келеді. Тәуелсіз мемлекет болғанға дейінгі әлемге аты беймәлім болған Қазақ елін қазір, шүкір, дүниежүзі қоғамдастығы танып, мойындап, біздің үнімізге санасып отыр. Сондықтан болашақ ұрпақ өздерінің тарихын мықтап санасына бекітуі қажет.

Тарих парағын ақтарсақ, көз алдымызға ең алдымен бабалар жорығының даңқты дүбірі, заман сыры, қуатты үні мен аласапыран майдан елестейді. Үш мың жылдық тарихы бар қазақ халқының, оның терең тамыры түркі халқының жауынгер бейнесін мақтанышпен шартарапқа айтуға болады емес пе?!

Ия, өмір ағын су сияқты. Әйтсе де, сол судың әрбір тамшылары сол кезден бізді алыстатып бара жатса да, жүрегімізде мәңгі ұмытылмас бір нәрсе қалды. Ол – өз басымыздан кешкен, өзімізді жоғалтқан, өзімізді қуантқан, не күйдірген, дархан даламызды дүбірлеткен өмір – тарих.

Жалғасы 3-бетте

## ҒЫЛЫМИ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФОРУМ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде онлайн режимде «Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану» атты I Халықаралық ғылыми-экологиялық форум өтті.

Бұл форумда қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі проблемаларды талқылау және шешу жолдарын қарастыру және тұрақты дамуды қамтамасыз ету бойынша ғылыми-тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеу мәселелері қарастырылды.

Форумды ұйымдастырушылар: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Экология мәселелерінің ғылыми-зерттеу институты, «Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ.

Ауқымды іс-шараға ғалымдар, қоғамдық ұйымдардың, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, жақын және алыс шет елдердің өкілдері қатысты.

Жалғасы 2-бетте

Жалғасы 3-бетте

2020 жылдың 16 желтоқсанында еліміздің Тәуелсіздігіне 29 жыл толады. Осыған орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы мен «Қазақ университеті» газетінің оқырмандарын ел тәуелсіздігінің мерекесімен құттықтап, тәуелсіздіктің маңызы мен қадірі жөніндегі ойларымды ортаға салуды жөн көріп отырмын.

Қазіргі таңда ресми ақпараттар бойынша дүние жүзінде 6 мыңнан 10 мыңға дейін халықтардың бар екені анықталып, олар үлкенді-кішілі 250-ге жуық (246) мемлекеттерде өмір сүріп отыр. Ал олардың 193-і ғана әлемдегі халықаралық ең жоғарғы ұйым - БҰҰ-на мүше болып саналады және сол мемлекеттердің бірі, 1992 жылы 2 наурыз күні БҰҰ-на мүше ретінде қабылданған біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы.

Біздің түсінігімізде ел мен жер болса, оның мемлекетінің де болатыны заңдылық сияқты. Бірақ өкінішке орай, ол заңдылық сақтала бермейді. Дүниежүзілік тарих пен еліміздің үш мың жылдық мемлекеттік тарихына қарасақ, тарихтың әр түрлі кезеңдері мен дәуірлерінде кейбір халықтар өз мемлекеттілігінен айырылып, басқаларға тәуелді болады, ал тіпті кейбіреулері жойылып жатады. Соған қарап қазіргі кезеңде жер бетінде өмір сүріп жатқан халықтарды мемлекеттілігінің бар-жоғына қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Бірінші топқа – өз мемлекеті бар жеке, дербес халықтар, екіншісі – өз мемлекеті бар, бірақ басқаларға жартылай немесе толық тәуелді халықтар, ал үшіншісі – жері болса да өз мемлекеттілігі жоқ халықтар.

Бүгінгі таңда Қазақ мемлекеттілігін қалыптастырып отырған қазақ халқы соңғы бір ғасырда жаңа ғана аталған үш топтың үшеуіне де еніп, мемлекеттіліктің қадірін әбден түсінген, сезінген халық деп ойлаймын. XVIII ғасырдың басында ішкі және сыртқы факторлардың

әсерінен ғасырлар бойы өмір сүрген қазақ мемлекеттілігі алдыменен, саяси бытыраңқылыққа ұшырап, одан кейін жартылай тәуелділікке түседі де, XIX ғасырдың бірінші ширегінде түбегейлі жойылады. Одан кейінгі жылдары Қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру үшін болған күрестер жеңіліске ұшырайды. Ал XX ғасыр басында Алаш автономиясының (1917-1920 жж.) құрылуы мен оның өмір сүруі, одан кейінгі жылдардағы Қазақ АССР-і (1920 - 1936 жж.) және Қазақ КСР-і (1936 - 1991 жж.) - қазақ мемлекеттілігінің азаттық жолындағы баспалдақтары болды. Мәскеу қаласындағы Орталық биліктің әлсіреуі және қазақ халқының дербестікке ұмтылуы 1991 жылы желтоқсан айында қазақ мемлекеттілігінің дербес, азат ретінде қайта өмірге әкелді. Сөйтіп, қазақ халқы өткен ғасырдың басында тарихи өз жерінде өмір сүрсе де, мемлекеті жоқ халықтардың қатарында жатып, алдымен тәуелді (автономия түрінде) мемлекеттілігін, одан кейін жартылай тәуелді (Одақ мүшесі ретінде), содан кейін барып тәуелсіз мемлекеттілігін қалыптастыра алды.

Мемлекеттің рөлі мен маңызын түсіну үшін алдыменен оның анықтамасына назар аударып, содан кейін ғана салыстыру әдісі арқылы анықтауға, бағалауға болады. Қарапайым тілмен айтсақ, мемлекет, ол - өзін қалыптастырған халықтың өмір сүріп отырған аумағында еркін дамуына жағдайлар жасайтын, ортақ мақсат жолында қоғамды ұйымдастыратын және басқаратын жоғары деңгейдегі басқару жүйесі болып табылады. Оның негізгі міндеттеріне – ел мен жердің тұтастығын сақтау және қорғау, шекара тыныштығын қамтамасыз ету, ішкі қоғамдық қатынастарды реттеу және дамыту, сыртқы қарым-қатынастарды реттеу, материалдық және рухани құндылықтарды сақтау мен дамыту және тағы басқалары болып табылады.

Жалғасы 3-бетте

ОҚУ-ҒЫЛЫМ  
ТАЛҚЫДА




2-бет

РУХАНИ  
ҚҰНДЫЛЫҚ



4-бет

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ  
ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ



6-бет



**РЕКТОРАТ**

**Кезекті онлайн-ректорат мәжілісінде факультеттердегі оқу-ғылыми зертханалардың жарақтандырылуы турасы талқыға түсті.**

«Ғылым – қазіргі қоғамның негізгі қозғаушы күші. Осы ретте университет ғылыми-зерттеу саласының дамуына барынша жағдай жасауда. Оған дәлел ретінде биылғы жылы университетте 500-ден аса жоба іске асырылған екен. Мәселен химия және химиялық технология факультетінде, химиядағы есептеу әдістері оқу зертханасында «AVEVA Group plc» Британиялық компаниямен бірлесе «AVEVA химия-технологиялық үдерістерін инженерлік жобалау» орталығы ашылды. Жоба мұнай - газ, энергетика, химия және кеме жасау өнеркәсібінде жобалау, инжиниринг және жобаларды басқару үшін кешенді IT шешімдердің ірі әзірлеушісі AVEVA Group plc қолдауымен іске асырылады. Жобаның негізгі мақсаты – AVEVA технологиялары негізінде оқытудың заманауи бағдарламалары есебінен студенттер мен оқытушылардың білімдері мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған», – деді химия және химиялық технологиялар факультетінің деканы Хайдар Сүлейменұлы.

Кезекте ҚазҰУ оқытушыларымен бірлесе жарияланған ғылыми материалдар санына тоқталған физика-техникалық

**ОҚУ-ҒЫЛЫМ ТАЛҚЫДА**



Фото: Д. Балабекұлы

факультетінің деканы Давлетов Асқар ОПҚ халықаралық жобалар мен байқауларға мейлінше көптеп қатысуын қамтамасыз ету аясында жұмыстар жасау қажеттілігін алға тартты. «Алдағы уақытта ҚазҰУ оқытушылары шетелде біліктілігін арттыру үшін арнайы іс-тәжірибеден өтетін болады. Бұл өз кезегінде университет мәртебесін арттырады және оқытушылар мен студенттердің ғылымға деген қызығушылығын оятады. Бүгінде АҚШ, Оңтүстік, Шығыс Азия және Еуропа елдерімен ортақтасып ғылыммен

айналысуға арнайы шақыртулар жібертіліп, ортақ ғылыми-жобалар қолға алынды», – деді факультет деканы. Сондай-ақ мәжіліс барысында басқа да факультеттердің оқу-ғылыми зертханалары, биылғы жылғы ғылыми жарияланымдар, халықаралық ғылыми конференциялар, Start-up компаниялар, студенттердің ғылыми-зерттеу қызметтерінің даму деңгейі кеңінен талқыға түсті.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

**KAZNU.KZ**

**Ekonomika және biznes joғary mektebiniñ «Biznes tehnologialar» kafedrasы «Smart Marketing and Logistics» ortalygynyñ ashylgandygy týraly habarlaıdy.**

Ortalyq qyzmetiniñ baғyty oqy-aғartý qyzmeti, gыlymi mektepter men pánaralyq kырstar qury, konsaltıñ, sondaı-aq halyqaralyq granttyq konkырstarға qatysýға arnalady. Ortalyqta pandemia kezindegi elektrondy saýda, azyq-túlik jetkizydiñ "Aqlydy" tizbekteri, pandemiadaғы logistikalыq prosester siaqty gыlymi mektepter damyp keledi.

Ortalyq oqytýshylardyñ biliktiligin arttyryға, jumys berýshilermen yntymaqtastyqy keñeytýge, jetekshi ýniversitetterdiñ gыlymdarymen halyqaralyq yntymaqtastyqy nyғaitýға, magistranttar men doktoranttardy gыlymi-zertteý qyzmetine tartýға және gыlymi zertteýlerdi komersialandyryға baғyttalған. «Smart Marketing and Logistics» ortalygy árdaıym gыlymi qoғamdastyq tarapyndan da, biznes pen óndiris tarapyndan da perspektivaly және ózara tiimdi qarym-qatynas quryға daıyn.

\*\*\*

**Byıl búkil álemde kórnekti oıshyl Ábý Nasr ál-Farabıdıñ 1150 jyldygy atalyp ótyde. Postkeñestik keñistiktıñ kórnekti farabitanıshylary otandyq farabitanıdyñ qalyptasyına úlken úles qosty. 2020 jyldyñ 9 -12 jeltoqsan aralygynda ál-Farabı ortalygy olardyñ qyzmetine arnalған birqatar webinarlar ótkizdi.**

Bul webinarlar seriasynyñ maqsaty – farabitanıshy gыlymdardyñ eñbekterin taldaýға arnalady. Jáne osy ýaqytqa deingi ál-Farabı murasyn zertteýge және nasihatıaýға úles qosyp kele jatqan farabitanıshylar, filosofia gыlymdarynyñ doktory, profesor, «Shygystyñ uly oıshyly ál-Farabı» (2018), «Al-Farabi philosophy of the Second Master» (2019) monografialarynyñ avtory Jaqypbek Altauly men filosofia gыlymdarynyñ kandidaty, QazUÝ-dyñ shygystanyñ fakúltetiniñ arab және irantaný kafedrasynyñ dosenti, ál-Farabı shygarmalarynyñ ágili aýdarmashysy Klara Haimqyzy siaqty kórnekti farabitanıshylardyñ shygarmashylygyn keñinen tanystyry bolyp tabylady.

Baıandamashylar retinde ál-Farabı murasynyñ kórnekti zertteýshileri shaqyryldy. Onlam webinarlar seriasyn Mirzo Ýlygбек atyndaғы Ózbekstan ulttyq ýniversitetiniñ áleymettik gыlymdar fakúlteti filosofia және rýhaniat negizderi kafedrasynyñ meñgerishisi, filosofia gыlymdarynyñ doktory Niginahon Shermuhamedova және QazUÝ profesory Gúlnar Muqanova ashty. Sondai-aq bul onlam-vebinarda keñes және orys filosofy, islamtanıshy, klasikalyq arab-musylman filosofiasynyñ mamany, filosofia doktory, profesor Tayfik Ibragim, jazýshy, filologia gыlymdarynyñ doktory, profesor Kaken Kamzin, saiasatanyñ және quqqy filosofiasy institutyynyñ saıası gыlymdarynyñ kandidaty Nekbaht Doronshoeva, ál-Farabı ortalygynyñ burynғы direktory Jaqypbek Altauly syndy basqa da farabitanıshylar shaqyryldy. Olardyñ baıandamalary tálimgerleriniñ jumysyn taldaýға және barlyq tanylған farabitanıshylardyñ kóptegen zertteýlerin qamtyp, negizgi ideialaryn ashýға baғyttaldy.

\*\*\*

**Kolýmbya ýniversiteti (AQSh) uymdastyrgan Dúnejúzilik Kóshbashylar Forýmında BUU Bas hatshys Antonio Gyterrish «Galamshardyñ jaғday» taqyrybynda sóz sóledi. BUU-nyñ turaqtylyq jónindegi «Akademialyq yppal» baғdarlamasynyñ Jahandyq habyn basqaratyn ál-Farabi atyndaғы QazUÝ seriktes retinde joғary deñgeidegi onlam kezdesýge qatysýға shaqyryldy.**

Kolýmbya ýniversitetinde sóilegen sózinde BUU Bas hatshys Antonıy Gyterrish álem kóshbashylaryn 2021 jyldy adamzat óziniñ «tabıgatpen soғysyn» aıaqtap, galamshardyñ jylyyna alyp keletin kómirtekten bos bolashaqy qury mindetin qolға alýға shaqyrdy. Antonıy Gyterrish 2020 jyly rekordtyq aya-raıy jaғdaılyr men jahandyq jylynydy týdyratyn qazba otynynyñ ósip kele jatqan kólemi týraly jaña esepterge túsinik bere otyryp, klımattyñ ózgerýin tejeýge shaqyrdy. Pandemiya saldarynan quldyrağan ekonomikany qalpına keltiry maqsatynda álem elderiniñ trillion dollar jumsaýda ekendigin alға tartyp, ol muny ekologialyq taza energiаға basa nazar aýdara otyryp júzege asyry qajettigin atap ótti. BUU Bas hatshysy galamshar jaғdaynyñ ózекti máselelerin sheshýde bilim berý mekemeleriniñ róline erekshe nazar aýdardy.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың механика-математика факультетінің докторанты Наукенова Алтынай академик Ш.Есенов атындағы ғылыми-білім беру қорының «Әлем зертханаларында ғылыми тағылымдамалар – 2020» бағдарламасы бойынша «Әлем зертханаларында ғылыми тағылымдамалар» байқауының жеңімпазы атанды.**

**ЖЕҢІМПАЗ**

Бағдарлама әлемнің жетекші ғылыми-зерттеу зертханаларында 3 айға дейінгі жазғы тағылымдамадан өтуге 17 грант бөледі және болашақта докторант дәрежесін алып, Қазақстанда ғылыми қызметпен айналысқысы келетін дарынды қазақстандық студенттер мен белсенді зерттеушілерді қолдауға бағытталған.

Алтынай Наукенова 212 адам қатысқан конкурстық іріктеудің барлық кезеңдерінен абыроймен өтіп, байқаудың 14 грант жеңімпаздарының қатарына кірді. Грант сомасы 7500 долларды құрады. Байқау шарты бойынша 17 гранттың 10 бакалавриттың 2-3 курс студенттеріне, 7 бакалавриаттың соңғы курс студенттері, магистратураның 1-2 студенттері және белсенді ғылыми қызметкерлерге бөлінді.




Механика кафедрасының докторанты Алтынай Наукенова грантты Абу-Дабидегі Халифа университетінде Khalifa University (KUSTAR) тағылымдамадан өтіп, университет зертханаларында «Мұнай өндіруді ұлғайтудың химиялық әдістері» атты докторлық диссертациясының тақырыбы бойынша эксперименталды зерттеулер жүргізуді жоспарлап отыр.

**Өз тілшімізден**

**ҒЫЛЫМИ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ФОРУМ**

Жалғасы. Басы 1-бетте

**P.PORTO Study in 2030 vision**



- Fundamentals in math, science and technology
- Algorithmic thinking
- Systems thinking
- Knowledge sharing
- Lifelong Learning
- Curiosity

Engineering educators pedagogical training  
**P.PORTO**

Пленарлық отырыста өзекті тақырыптарға баяндамалар жасалды: «Қазақстанның экологиялық ұйымдарының Қауымдастығы» ЗТБ басқарма төрайымы А.С. Соловьева, «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Басқарма төрайымы Ж.А.Қазжанова, жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Н.Л. Шапеева, ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің өкілі А. Ширанов және басқалары.

Халықаралық коллаборацияға шетелдік спикерлер де белсенді қатысты. Соның ішінде профессор Алмо Фарина (газа және қолданбалы ғылымдар департаменті, Урбино университеті, Урбино қ., Италия) «Ауылдық қорықтар: адам денсаулығын сақтаудың және биоәртүрліліктің тұрақтылығының жаңа стратегиялары» тақырыбында баяндама жасады. Порту политехникалық институтының (Португалия) президенті, профессор Жозе Карлуш Квадраноның «Тұрақты даму мақсаттарына

қол жеткізуге жеке шығармашылық қатысу» тақырыбындағы баяндамасы да үлкен қызығушылық тудырды.

Секциялық отырыстарда мынадай бағыттардың кең спектрі қамтылды: «Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі халықаралық ынтымақтастық»; «Табиғи ресурстарды орнықты пайдалану және қоршаған ортаны қорғауды реттеу»; «Биоәртүрлілікті сақтау және адам денсаулығының экологиялық факторлары»; «Экологиялық инновациялар және жасыл технологиялар» және т. б.

Зерттеушілердің жас буынының өкілдері де өздерін көрсете білді. Форумның өзекті тақырыптарына тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының 2 курс магистранттары А.Қабдықадыров пен В.Муравьева баяндама жасады.

Халықаралық ғылыми-экологиялық форумның соңында қатысушылар баяндамалар аясында ұсынған ғылыми зерттеулердің нәтижелері талқыланды.

**Өз тілшімізден**

**Студенты факультета биологии и биотехнологии выиграли грант на обучение в Итальянском университете Саленто**



# ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ ТҰҒЫРЫ!



кейінгі XVIII ғасырда орталық билік әлсіреп, қазақ мемлекеттілігінде терең саяси дағдарыс орын алып, билеуші топ арасында алауыздықтар орын алған кезеңдегі халық жағдайын «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» сияқты сөз тіркесі мен қайғылы «Елімай» әні дәл көрсетеді. XIX ғасырдың бірінші ширегінде хандық биліктің біржолата жойылуы, қазақ жерінде мемлекеттіліктің түбегейлі күйрегенін көрсетеді де, елі мен жерінен айырылған халықтың ауыз әдебиетінде ол жағдай – «Зар заман» ағымымен сипатталады.

Көріп отырғанымыздай, қазақ халқының тарихи жадында мемлекетшілдік мүдде, мемлекеттілікке деген сұраныс өте басым орын алады. Сол себепті де мемлекет, мемлекеттілік деген ұғымдар халық санасында қасиетті, қадірлі болып саналады.

Қазақ Елі соңғы отыз жылдай уақыт ішінде тәуелсіз ел ретінде қалыптасып

қана қоймай, өзінің салмақты сыртқы саясаты мен халықаралық қатынастардағы белсенділігі арқасында бүкіл әлемге танымал болды. Осы жерде Қазақ Елінің абыройын аспандатқан бірнеше халықаралық маңызды оқиғаларды келтіре кетсек:

2003 жылы 23-24 қыркүйекте - Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Бірінші съезі өткізілді.

2010 жылы 1-2 желтоқсан - Астанада Европадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі (ЕҚЫҰ) Ұйымға қатысушы елдер Мемлекет және үкімет басшыларының Саммиті өтті

2011 жылды 30 қаңтар мен 7 ақпан аралығында VII Қысқы Азия Ойындары Астана - Алматы қалаларында өтті.

2012 жылы 27 шілде мен 12 тамыз күндері аралығында Лондонда өткен XXX жазғы Олимпиада ойындары еліміз үшін жетістіктерге толы болды.

2013 жыл 15 қаңтар – Қазақ Елі кезекті «ЭКСПО-2017» өткізуді жеңіп алып, 2017 жылдың 10 маусымы мен 10 қыркүйегі аралығында Астана қаласында Халықаралық Көрмелер Бюросы аясында «ЭКСПО-2017» атты Халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізді.

2016 жылдың 28 маусымы Қазақстан Республикасының тарихында айтулы күн болып саналады. Осы күні БҰҰ-ның Бас ассамблеясында Қазақстан Республикасы аталған халықаралық ұйымның Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшесі болып сайланды және 2018 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасы осы ұйымға төрағалық етті.

2020 жылы 4 желтоқсанда Қазақстан азаматы және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлегі Қ.Қ.Әбдірахманов ЕҚЫҰ (ОБСЕ) аз ұлттар бойынша Жоғары комиссары болып сайланды. Бұл келтірген фактілерді біз тек тәуелсіздік арқасында болып отыр деп санаймыз.

Елімізде қазіргі таңда мерекелер өте көп. Тіпті оларды жеке, отбасылық, халықтық, діни, халықаралық, кәсіптік, мекемелік, мемлекеттік деп топтастыруға болады. Әр мерекенің өзіндік ерекшеліктері бар екендігін мойындай отыра, олардың ішінде мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік мерекесінің ел тарихында алатын орны мен маңызы өте ерекше деп, Тәуелсіздігіміз Мәңгі болсын дегім келеді.

**Берекет КӘРІБАЕВ,**  
*ҚР ҰҒА академигі,  
т.ғ.д., профессор*

## Көне тарих сыр шертеді...



отыр. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін, ерліктері мен батылдықтарын паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. «Соғыс – бұл талай ұрпақтың қайғысы, әрбір үйдің қасіреті, бақытсыздыққа ұшыраған балалық шақ, жесірлер мен аналардың көз жасы, миллиондаған ерлер мен әйелдер, қарттар мен балаларды аяусыз қыру, аштық пен қайыршылық, қалалар мен ауылдарды

жойып жіберу, ұлттық байлықтарды құрту, мәдени құндылықтарды жою» деп, Ұлы Отан Соғысының батыры, халық қаһарманы Б.Момышұлы айтқандай, сұм соғыстың қарапайым халыққа тудырған қасіреті мен залалы көп. Бұл соғыс қайғы әкелмеген бірде бір отбасы болмады.

Жетпіс бес жыл аз уақыт емес. Дегенмен де, сол соғыста түскен жүректегі жара әлі ұмытылар емес... Ұмытылмайды да...

Болашаққа деген сенімнен өр рухты, сәулелі, жарқын ойлар маздайды. Қазақ – дана халық, дарынды халық, сайыпқыран халық. Халқымыздың тәуелсіз Қазақстан Республикасы атты мемлекет құрып, ұлттың азаттығын сақтай білуі бүгінде қаншалықты маңызды болса, сол мемлекеттің шынайы да танымды тарихын жазып, келер ұрпаққа жеткізе білу де соншалықты маңызды. Өйткені, тарих – ұлттың жады. Танымды тарихы жадында жатталған ұлт қана ұлт ретінде сақталып, басқалармен қатар терезесі тең өмір сүре алады. Тарихын қастерлеген ұлт қана өткеннен тағылым алып, келешегіне сеніммен қарайды. Демек, ғылыми негізде жазылған танымды тарих – ұлт тәуелсіздігінің, ұрпақ тәуелсіздігінің кепілі. Себебі, бүгінгі таңда тарихын даңқты батырларымен мақтанар саналы ұрпағы бар! Ол – әрине, біздер! Ендігі жерде бұл елдің иесі де, жоқтаушысы да – біздерміз!

Бүгінгі күн – Тәуелсіз Қазақстан! Бүгінгі таң – білімді ұрпақ! Олай болса, қаны мен терін болашағы үшін төккен бабалар арманы орындалды. Ендігі жерде ерлеріміз қолдарына қару ұстамайтын, сәбилеріміз жыламайтын бейбіт заманымыздың іргесі ешқашан шайқалмасын!

**Дана МЕЙІРБЕКҚЫЗЫ,**  
*филология және әлем тілдері  
факультетінің 2 курс студенті*





# ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

**Қазақстан халықаралық аренада танымал, әлемдік экономикалық жүйелер арасында өзінің лайықты орнын алған тәуелсіз мемлекет. Отанымыздың Тәуелсіздік күні – еліміздің ең негізгі ұлттық мейрамы. Бұл мереке Қазақстанда жыл сайын 16 желтоқсанда атап өтіледі.**

Тарихқа көз жүгіртсек, Тәуелсіздік– 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында алаңға шыққан жастардың ерік-жігері, ең алдымен барша қазақстандықтардың арман-мұратының салтанат құруы. Патша дәуірінде де, Кеңес Одағы кезінде де тәуелсіздікке деген ұмтылыс халықтың едеуір бөлігінде қалыптасты. Біз бірнеше жүз жыл отаршылдықтан кейін ХХ ғасырдың аяғында қайта жаңғырған мемлекетпіз. Тәуелсіздік – бұл азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтуі. Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел ретінде танылғанына міне он тоғыз жыл толып отыр. Тәуелсіздік сияқты ұлттық мерекені бүгінгі таңда қазақ халқы жүрегімен сезінуі керек. Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры ол қоғамның, сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы, жігері, қоғамдық санасы. Басты байлық жай ұлттық мүдде емес, азаматтардың мүддесі мен қажеттілігі. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бүгінгі құдіретті күші ел бірлігінде, ұлттар татулығында жатыр. Қазақстан үшін ХХІ ғасыр тарихының парағы парасат пен пайымға толы.

«Қазақстанның тәуелсіздік күні» өткізу күні кездейсоқ таңдалған жоқ. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі республиканың тәуелсіздігі мен мемлекеттік егемендігі туралы заң қабылдады. КСРО ыдырағаннан кейін Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы посткеңестік кезеңдегі өзінің мемлекеттік егемендігін жариялаған соңғы ел болды. Қазақстанның тәуелсіздік күні бүкіл республика бойынша бұқаралық мерекелер өтеді. Мереке қарсаңында еліміздің

құрметті азаматтары - мәдениет, өнер, спорт, саясат қайраткерлерін марапаттау дәстүрі қалыптасқан. Бір кездері заңды бұзған адамдарға көбінесе «мерекелік амнистия» жарияланады. Еліміздің көптеген аудандарында мерекелік шаралар мен концерттер өткізіліп тұрады. Тәуелсіздік алу құрметіне отшашулар да дәстүрге айналды.

Қазақстан Республикасы - жас тәуелсіз мемлекет. Алайда, қысқа уақыт ішінде елде ауқымды үкіметтік қайта құрулар болды. Оның ішінде екі палаталы Парламент құрылды, сот жүйесі құрылды, жаңа астана жарияланды. Экономиканың қолданыстағы жүйесі түбегейлі өзгеріске ұшырады, бүгінде біз әлемдік экономикалық жүйеге енуге қабілетті дамып келе жатқан нарықтық экономикасы бар елде тұрамыз. Қазақстан ТМД және Шығыс Еуропа елдері арасында шетелдік инвестицияларды тарту бойынша жетекші мемлекетке айналды. Сондай-ақ, әлеуметтік және зейнетақы саласында айтарлықтай реформалар жүргізілді. Қазақстан өз аумағында ядролық қаруды қолданудан өз еркімен бас тартты және өзін ядролық қарусыз ел деп жариялады.

Осының барлығына қол жеткізу үшін біздің еліміз көптеген қиындықтардан өтті. Біздің Қазақстан осы қиын жолда оны әлі де күтіп тұрған барлық қиындықтарды жеңіп, халқымыздың мақтанышы болып, әлемдегі мықты державалардың біріне айналады деп сенемін.

**Аружан НАЙМАНОВА,**  
*филология және әлем тілдері факультетінің 2-курс студенті*

**Аспаны шексіз, байтағы шетсіз кең тынысты арқа төсінде мол ырысқа кенелген қазақ атты қасиетті халықтың арғы бергі тарихында, аумалы-төкпелі уақиғалар аз болған жоқ.**

## ЕЛ ЖАДЫНДАҒЫ ЖЕЛТОҚСАН

Желтоқсан көтерілісі - ұлттың азаттығы үшін болған ұлт-азаттық көтерілісі болатын. Желтоқсан көтерілісінің басым күші қайраты қайнап, жүзі жайнап тұрған студент жастар болатын. Студенттерден бөлек қазақтың ұлтшылдық күші бойлап тұрған Алматы шаһарының белсенді халқы еді. Бұл көтерілістің болып өткеніне де дәл 34 жыл болса да халық жадынан еш өшкен жоқ.

Желтоқсан көтерілісі бірден бола салған оқиға емес. Желтоқсан көтерілісі өзіне дейінгі көтерілістердің жеңісті жемісі. Желтоқсан көтерілісі сан ғасырлық бодандықтық шешімі еді. 1986 жылы желтоқсан айының 17-ші жұлдызында таңертеңгі 8-дер шамасында сол кездегі Брежнев алаңында басталды. Көтерілістің басты себебі: елді қаншама жылдардан бері басқарып келе жатқан қазақтың арда азаматы, I хатшы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевті орнынан еш себепсіз алып тастап, орнына басшылыққа қазақ жеріне мүлде қатысы жоқ Геннадий Колбинді халық келісімінсіз билікке қояды. Басты себептердің бірі осы болатын. Тағыда басқа себептердің бірі таталитарлық жүйе, қазақ халқына деген құрметсіздік болатын. Сондықтан да еш жарнамасыз-ақ жастар арасында лезде қызу талқыға ұшырап, жастардың алаңға көптеп жиналуына себеп болды. 17-ші желтоқсан күні алғашқы 300-ден астам көтерілісшілерден басталып қас қарайып күн бата тұста 20 000 мың адамнан асып жығылды. Бұл әрине нақтылы дәлелді сандар болатын.

Желтоқсан көтерілісін билік барынша басып, жаныштауға тырысып бақты. Арнайы қаруланған билік қызметкерлері түрлі әдістермен алаңға жиналған жастарды қайтарудың жолып жасап жатты. Ал сол маңдағы жоғарғы оқу орындарына арнайы кезекшілер даярлап, жатақханалардан студенттерді шығармаудың қамын жасады. Соның өзінде, оқудан шығуды ойламай елінің тәуелсіздігі үшін барлығынан баз кешіп, есіктерді бұзып, терезелерден қашып жатты. Осылайша көтерілістің тарихи маңызы жоғары болды. Алаңда аяусыздықпен намысшыл, ұлтшыл

жастарды жарақаттап, өлімге дейін алып барды.

Желтоқсанның ызғарымен аязының өткеніне қарамай ұлтының келешегі үшін аянып қалмаған желтоқсаншыларға деген елдің ықыласы ерекше. Себебі сол күнгі боздақтар тәуелсіздігіміздің берік болуы үшін өздерінің ғазиз жандарын қия білді.

Желтоқсаншы боздақтарға арнап нақ көтеріліс болған жер Алматы қаласының төрінен «Тәуелсіздік монументі» бой көтерсе, режиссерлер «Аллаһар», «Қызғыш құс» фильмдерін түсірді. Ал халық жазушысы, желтоқсан көтерілісінің басы қасында жүрген Мұхтар Шахановтың көлемді «Желтоқсан эпопеясы» атты кітабы жазылды. Жәнеде бірқатар жазушылардың боздақтарға арналған түрлі кітаптары жарық көрді. Желтоқсанның әнұранына айналған Әбиірбек Тінәлінің «Желтоқсан желі» атты әні кеңінен таралды. ҚР-ның тұңғыш президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің жарлығымен 17-ші желтоқсан «Қазақстанның демократиялық жаңару күні» деп жарияланды. 1996 жылы 9 желтоқсанда Қайрат Рысқұлбековке «Халық қаһарманы» атағы беріліп, ата-анасына «Алтын жұлдыз» айрықша ерекшілік белгісі берілді. Сонымен қатар, басқа белді желтоқсаншыларға дәрежелі төсбелгілер тағайындалды.

Желтоқсан көтерілісінің жылдар өткен сайын мән-маңызы, тарихи тағылымы тереңдемесе, азаймайды деген сенімдемін. Бүгінгі емін-еркін тәуелсіздік үшін, кешегі етігі қанға толған желтоқсандық боздақтардың рухы барша жастардың бойында болуы баста парыз. Бодандықтың бұғауы босамаған қазақты бір-ақ күнде желтоқсанның ызғары кесіп өтті. Сан ғасырлық көтерілістер керуенінің соңғы көші болып жеткен, желтоқсан ұлттық көтерілісінң тарихи тағлымы қашанда құнды һәм қасиетті болып қала бермек.

**Қанат АЛТЫНБЕКОВ,**  
*тарих, археология және этнология факультетінің 3-курс студенті, ҚР дарынды жастары, «Алтын төсбелгісінің» лауераты*

**Жыл сайын дәл осы уақытта филология және әлем тілдері факультетінде Тәуелсіздік күніне орай «Түркі жазуы» мейрамы ұйымдастырылады. Дәл осы уақытта өтуінің де өзіндік себебі бар. 1993 жылдың 15 желтоқсанында профессор Р.А. Авакованың ұйымдастыруымен көне түркі жазба ескерткіштерінің табылғанына 100 жыл толуына орай алғаш рет «Түркі жазуы мейрамы» өткізілген еді.**

Біз ертеден тұлпарлардың тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түркілердің ұрпағымыз. Осындай терең тарихымыз бен тілімізді, дініміз бен ділімізді, мәдени, рухани құндылықтарымызды бір арнаға тоғыстырып, оны бүгінгі ұрпаққа кеңінен насихаттауда түркітану ғылымы жетекші рөл атқаруда.

Бір кездері бір ғана бөрілі байрақтың астына біріккен ер түріктің ұрпақтары едік. Бүгінде түбі бір сол түркінің тұяқтары, бөлек-бөлек мемлекеттерге айналып, әлемдік өркениет сахнасында мәртебесін көтеруде.

## РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚ



Фото мұрағаттан

Бұл мейрамды студенттеріміз «Түркі филологиясына кіріспе» пәні бойынша бір семестр бойы алған білімдерін таразылау үшін, әрі көне түркі дәуірінде өздерінің төл жазуларының болғандығы жайлы ғылыми мол деректермен сусындап, жиған-тергендерін саралау үшін, оны 29 жыл

бұрын еліміздің Тәуелсіздігін алған күніне орай білімдері мен өнерлерін сайысқа қосып, үлкен мерекелік ішараны тарту етуші еді. Мейрамға жиналған көрерменнің көз алдынан көшпенді халқымыздың бар тарихы сары далада сағыммен араласып, созылып бара жатқан керуендей болып

өтіп жататындай етіп, студенттер барын салып дайындалып, мерекелік думанмен жалғастырып жататын. Мерекелік ішарада студенттер өнерлерін көрсетіп, өздерінің арасындағы топтық бәсекелестікке қарамай, бірлігі жарасқан топ ретінде халыққа керемет көңіл-күй сыйлап, адамды ойға қалдырарлықтай көріністерімен көрермендерді терең ойға батыратын. Бұл мейрамның тағы да бір ерекшелігі, кешке арнайы келген қонақтар жылы лебізін қарша жаудырып, төл тарихымыз бен Тәуелсіздіктің арасындағы сан қилы оқиғаларды еске ала отырып, жақсы сөздері мен бата-тілектерін келешек ұрпаққа үлкен құрметпен айтып беретіндігі.

Биылғы әлемдік індет осындай ішараларымыздың өтуіне де тұсау болды. Әйтсе де деннің саулығынан артық ештеңе жоқ. Бас аман, бауыр бүгін, ден сау болса, Көк Түрік ұрпақтарының көтерер туы әлі де өз аспанында биіктей бермек. Тарихымыз тереңдеп, тіліміз кемелденіп, дініміз кең таралып, рухымыз асқақтай бермек!

**С.Б. БЕКТЕМІРОВА,**  
*жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты*



**В декабре Республика Казахстан отмечает главные государственные праздники – День Первого Президента РК и День Независимости. В канун этих знаменательных дат страна подводит определенные итоги своего развития и отмечает роль и значение Первого Президента РК – Елбасы Н.А. Назарбаева в достигнутых положительных результатах, в развитии экономики, социальной сферы, стабильности межнациональных отношений.**

Конституция РК закрепляет, что Президент РК выступает гарантом соблюдения прав и свобод граждан. Конституционная функция Президента гарантировать соблюдение прав и свобод граждан заложена в качестве основы его взаимоотношений с другими общественными структурами и государственными органами, призванными также поддерживать режим законности.

Глава государства играет весьма активную практическую роль в обеспечении реализации конституционных прав и свобод граждан, утверждения режима законности, борьбе с различными формами преступности, соблюдении государственной дисциплины.

Деятельность Первого Президента РК по гарантированию, защите и обеспечению прав и свобод граждан многогранна. Одной гранью этой работы является разработка по его инициативе, широкое народное обсуждение и принятие Конституции РК 1995г. Как отмечает видный российский конституционалист Лидия Нудненко: «Конституция Республики Казахстан в числе конституционных основ государства и общества в статье 1 провозглашает человека, его жизнь, права и свободы, в качестве высшей ценности. Следует отметить, что термин «высшая ценность» использован в Конституции Республики Казахстан только один раз, применительно к человеку, его жизни, правам и свободам». Это еще раз подчеркивает значение идеи Елбасы о ценности жизни, прав и свобод граждан Республики Казахстан.

Еще одной гранью деятельности Первого Президента в качестве гаранта прав и свобод граждан является участие в законодательной деятельности. Президент обладает правом законодательной инициативы.

Конкретным примером участия Президента в законодательной деятельности является инициирование им в 2017 году изменений и дополнений в Конституцию РК, которые были призваны перераспределить полномочия между ветвями власти, когда ряд функций Президента перешли к Парламенту и Правительству. Как отмечает Председатель Мажилиса Парламента РК Нурлан Нигматулин «главная цель реформы – создание эффективной, ответственной и оперативной исполнительной ветви власти. Усилить контрольные функции Парламента, сохраняя при этом президентскую форму правления и вертикаль президентской власти».

В целом все инициативы Президента по конституционным реформам направлены на дальнейшее развертывание демократии, ускорение процесса построения правового государства и укрепления прав и свобод граждан РК.

**Казахстан на международной арене**  
Президент РК, определяя основные направления внутренней и внешней политики Республики, способствует признанию Казахстана на международной

арене полноправным, равным партнером. Казахстан в полном объеме принял на себя обязательства по выполнению Устава ООН, инкорпорированию его положений в национальное законодательство. Казахстан является стороной многих международных договоров, регулирующих различные аспекты защиты прав человека – Конвенции о правах ребенка (1989 г.), Женевских гуманитарных конвенций (1949 г.) и дополнительных протоколов к ним, некоторых конвенций Международной организации труда о защите прав трудящихся в производственной сфере и т.д.

Летом 1994 г. было принято историческое решение о переносе столицы Казахстана в Астану. Инициатором переноса столицы был Президент РК Н.А. Назарбаев, который в своих выступлениях всегда отмечал, что Астана стала моделью социально-экономического развития для всего Казахстана.

И новое имя столицы – это дань уважения Первому Президенту РК – Елбасы Нурсултану Абишевичу Назарбаеву за то, что он сумел с большой мудростью и ответственностью перед будущими поколениями повести наш народ за собой для успешного развития и решения сложных задач.

Первый Президент РК всегда оказывал пристальное внимание вопросам развития отечественного бизнеса. В современных тяжелых условиях борьбы с коронавирусом он продолжает свою деятельность в этом направлении. В ноябре 2020г. он принял председателя правления НПП РК

**Пристальное внимание Елбасы все время направлено на развитие и укрепление гражданского общества в Казахстане, всех его институтов, развитие многопартийности, обеспечение возможностей как можно большему числу активных граждан принять участие в избирательном процессе.**

«Атамекен» А. Мырзахметова, с которым обсуждал вопросы обеспечения занятости населения и поддержки представителей малого и микробизнеса, пострадавших от карантинных ограничений.

Действующий Президент К-Ж.К.Токаев также проводит гигантский объем работы по противодействию последствий пандемии. По его поручению снижены цены на ПЦР-исследования и медицинские маски в 2 раза. Президентом даны указания провести такую же работу в отношении медицинских препаратов, в первую очередь антиковидных.

#### Ассамблея народов Казахстана

В марте 1995г. указом Президента РК была создана Ассамблея народа Казахстана. Как отмечает в своей книге «Времена и думы» Н.А. Назарбаев: «Этническое многообразие Казахстана – это не проклятие, а напротив бесценный дар Всевышнего. Именно благодаря такому многообразию осуществляется взаимообогащение людей и происходит подлинное развитие».

Ассамблея народа Казахстана является одним из важнейших институтов гражданского общества, которая служит инструментом укрепления дружбы, взаимопомощи и братских отношений всех наций и народностей, проживающих

в Казахстане. По воспоминаниям члена Конституционного Совета В.А. Малиновского, на одном из заседаний Ассамблеи Первый Президент поднял вопрос о наименовании этого органа, отметив, что в п.1 ст.3 Конституции РК в качестве единственного источника государственной власти поименован «народ» в единственном числе и поэтому в наименовании Ассамблеи тоже должно быть использовано единственное число – Ассамблея народа Казахстана. Этот пример показывает внимание Первого Президента к важнейшим нюансам, а также отмечает значимость укрепления единства и братской дружбы всего народа Казахстана.

Пристальное внимание Елбасы все время направлено на развитие и укрепление гражданского общества в Казахстане, всех его институтов, развитие многопартийности, обеспечение возможностей как можно большему числу активных граждан принять участие в избирательном процессе.

26 марта 2020 г. Политический совет партии «Нур Отан» утвердил Правила проведения праймериз, в числе задач которых были особо обозначены: создание «социального лифта» по партийной линии для активных и инициативных граждан, вовлечение широких масс в обсуждение вопросов развития страны, расширение участия членов партии в формировании партийных списков. Поддерживая идеи Елбасы об активном привлечении женщин и молодежи к формированию активной гражданской позиции, к участию в избирательном процессе, партия

«Нур Отан» установила специальные требования к качественному составу партийных списков: представленность в них не менее 30% женщин и 20% молодежи до 35 лет. Кроме этого в списки могут быть включены представители от многодетных матерей и людей с особыми потребностями.

Сфера постоянного внимания Главы государства – социально уязвимые группы населения. В своем выступлении «Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда» Президент заявил: «Необходимо развивать механизмы социализации граждан, относящихся к категории социально уязвимого населения. Это в первую очередь инвалиды и люди с ограниченными возможностями, члены многодетных семей, лица предпенсионного возраста. Причем главным подходом должна стать не опека государства, а создание таких условий, которые бы помогли этим гражданам обрести веру в себя, в свои возможности к социально полезному труду».

В 2008 году Казахстан подписал Конвенцию ООН о правах инвалидов и Факультативный протокол к ней. Спустя два года был утвержден Стандарт оказания специальных социальных услуг в области социальной защиты населения в условиях оказания услуг на дому.

Действующий Президент РК К-Ж.К.Токаев в своей деятельности также неоднократно обращался к проблемам социально-уязвимых групп населения. В настоящее время для выполнения инициированной Елбасы программы «Нурлы жер» осуществляется строительство социального жилья.

Президент РК всегда выступал и выступает за построение в РК подлинно демократического государства, формирование развитого гражданского общества, отражающего интересы всех слоев населения страны.

Проблемы подрастающего поколения – будущего нашей страны, – конечно же, всегда были в фокусе внимания Первого Президента. Действующий Президент страны неоднократно в своих выступлениях поднимал проблемы обеспечения и гарантирования прав детей – маленьких граждан Республики Казахстан. 20 ноября 2020г. во Всемирный день ребенка Глава государства на своей странице в Твиттер написал: «Защита прав детей, здоровье, образование и развитие подрастающего поколения – наши безусловные приоритеты. Мы должны обеспечить счастливую жизнь всем детям в Казахстане. Мы обязаны прислушаться к голосу каждого ребенка».

Выполняя наряду с другими своими функциями функцию гаранта прав и свобод человека и гражданина, Президент РК осуществляет колоссальный объем работы. Начатая Первым Президентом РК Н.А. Назарбаевым работа по укреплению основ государственности, построению эффективной системы государственных органов, укреплению социальной сферы, защите прав и свобод граждан РК в настоящее время успешно осуществляется действующим Президентом К-Ж.К.Токаевым.

Зарубежные общественные деятели и ученые неоднократно подчеркивали преемственный характер политики нынешнего Президента. Как отмечал профессор Варшавского университета Яцек Залесный «Казахстан – одно из наиболее развитых, стабильных и предсказуемых стран мира, важный участник международных отношений, последовательно реализующий избранные стратегии модернизации. Достижение этих видов эффектов в течение длительного времени никогда не является случайностью. Напротив, это работа рациональной правительственной структуры государства и стратегии развития, адекватной потребностям и возможностям, в которой Президент РК, рассматриваемый как гарант преемственности государственной власти, играет ключевую роль».

**Д. БАЙДЕЛЬДИНОВ,**  
декан юридического факультета,  
д.ю.н, профессор

**Д. БАЙМАХАНОВА,**  
профессор кафедры теории и истории  
государства и права, конституционного  
и административного права



# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ



Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында тарихи сананы жаңғыртуда, ең бірінші, ұлт қаһармандарының өнегелі өмірі мен құнды еңбектерін елге, жас ұрпаққа кеңінен насихаттауды әрі үлгі тұтуды тапсырып, «Ұлы дала Әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, Әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді», - деп жазған.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына алғашқы Жолдауында 2020 жылы халқымыздың ұлы перзенттері Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларын атап өтуіміз керек және ғұлама тұлғаларымыздың еңбектерін халық арасында дәріптеуіміз керек деп айтқан болатын. Президент Қ. Тоқаевтың өткен жылдың 26 тамызында «Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» жарлығына сәйкес ЮНЕСКО қолдаған бұл шара ресми түрде қаңтар айынан бастап – әлемдегі «екінші ұстаз» атанған даңқты тұлға - Әбу Насыр әл-Фараби есімімен аталатын киелі Қазақ ұлттық университетімізден басталғаны бәрімізге мақтаныш.

Ұлы даланың ұлы тұлғасы - Әбу Насыр әл-Фараби философия, медицина, психология, музыка, физика, астрономия, ботаника, лингвистика және т.б. ғылымдарды оқып, зерттеп, еңбектер жазып әлемге танылған, сонымен қоса оның ғылыми және мәдени мұралары ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан - ұрпаққа мұра ретінде өтіп келе жатыр.

Ұлы ойшыл ғылымның дамуына баға жетпес үлес қосып, әртүрлі ғылым саласына байланысты 150-ге жуық еңбектер жазып, артына өшпес мұра қалдырған. Оның медицина туралы

жазған еңбектері болашақта медицинаны дамытуға үлкен әсер етті. Көптеген ғалымдар оның теорияларын алға тартып дамытты. Атақты медицина ғалымы Ибн Сина (Авиценна) солардың бірі болды. Авиценна Фарабиді өзінің ағартушы тәлімгері деп атауға мақтанған. Сонымен бірге аты әлемге әйгілі ғұламаның «Химия өнерінің қажеттігі жайлы», «Философиялық сұраулар және оған жауаптар», «Бақытқа жету туралы»,

«Ақылдың мәні туралы», «Әріптер туралы кітап», «Геометриялық трактат» сынды еңбектері біраз тілге аударылған және бұл еңбектер қазіргі уақытта да өзектілігін жоймаған.

Әлемдегі «екінші ұстаз» атанған даңқты тұлға - Әбу Насыр әл-Фараби ғылым жолына өз үлесін қосып, бүкіл әлемді шарлап, ғылым мен білімнің құпия сырларын жетік меңгеріп, кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге, өлмес мұра, ең құнды асыл қазына қалдырды. Әл-Фараби - ұлы ғалым, өнер әлемін, оның ішінде музыка дүниесін терең зерттеген, дін әлемінің басты тұғырнамаларын философиялық тұрғыдан негіздеген, осы бағытта көптеп еңбек еткен ұлы даланың ұлы тұлғасы болып табылады. Оның аманат етіп қалдырған ең ұлы шығармаларын, әлі де зерттелмей жатқан ұлы мұраларын терең зерттеп, келешек ұрпаққа жеткізу болашақ жастар біздің еншімізде!

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің қайталанбас ғажап туындыларының жастардың мәдени және рухани дамуына ықпал етуде, ұлттық сана-сезімін дамытуда, шығармашылық қабілеттерін арттыруда, ғылыми ізденіске себепкер болуда маңызы зор.

**Е. ӨЗЕНБЕК,**  
ғылыми тарих мамандығының  
3-курс студенті

**Г. АБИКЕНОВА,**  
қауымдастырылған профессор, т.ғ.к.

**Миссия великого Абу Наср аль-Фараби и его наследие являются интегрирующим фактором для масштабных международных проектов. В КазНУ на данный момент сложился авторитетный отряд фарабиеведов. Один из них - Ауданбек Кубесович Кубесов, выдающийся ученый в области истории математической науки и педагогики исламского Востока.**

Второй Учитель составил трактаты и в естественно-научной сфере, например, математике и астрономии, логике и медицине.

Год 1150-летия Абу Наср аль-Фараби возвращает нас к событиям середины XX века. Именно тогда по инициативе Машани, поддержанной Канышем Сатпаевым, отечественные исследователи приступили к комплексному изучению и систематизации наследия ученого-энциклопедиста.

Математические трактаты Фараби стали предметом интереса на многие годы Ауданбека Кубесовича Кубесова (1932-2008) – крупного ученого в области истории математической науки и педагогики исламского Востока. Его труды «Математическое наследие аль-Фараби», «Математические трактаты» оцифрованы в Мичиганском университете (2007 г., 2010 г.), а «Комментарии к «Альмагесту» Птолемея» - в Калифорнийском университете (2008 г.)

Как складывался путь его к Фараби? Степень кандидата физико-математических наук А.Кубесову была присвоена в Москве в 1963 году. Тема исследования «Развитие идей Архимеда в работах Насирад-Дина ат-Туси». Научная школа - Институт истории естествознания и техники АН СССР (ныне ИИЕТ им.Вавилова). Научным руководителем молодого казахского аспиранта был известный профессор Б.А.Розенфельд, одинаково освоивший математику, арабский язык и философию. Розенфельд оставил заметный след, исследуя творчество Омара Хайяма, аль-Фараби, Бируни, Улугбека, ал-Хорезми и многих других средневековых мусульманских ученых и поэтов.

Основные вехи биографии фарабиеведа А.Кубесова:

1968 – 1977 - СНС в АН КазССР, в группе по переводу и изучению трудов аль-Фараби.

## ФАРАБИЕВЕД-МАТЕМАТИК АУДАНБЕК КУБЕСОВ



1977 - 2008 гг. работает в КазНУ им. аль-Фараби.

1977- 1986 – зав. кафедрой «Методика преподавания математики».

Вплоть до 2008 года - профессор кафедры.

В конце 60-х - 70-е годы прошлого века по приглашению Президента АН КазССР Шахмардана Есенова, Борис Абрамович и Ауданбек Кубесович подготовили переводы, комментарии и предисловие к математическим и астрономическим трактатам Фараби. Эти книги являются востребованы до настоящего времени.

А.К. Кубесов – доктор педагогических наук (1990), популяризатор научно-педагогических взглядов Мыслителя. Будучи заведующим кафедрой «Методика преподавания математики» в КазГУ /КазНУ им. аль-Фараби/, ученый опубликовал ряд оригинальных статей об аль-Фараби в периодической печати. Я обратила внимание на небольшую брошюру: А. Кубесов. Әл-Фараби мен Абайды

қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. Алматы: Қазақ университеті, 2006. В ней А.К. Кубесов отмечает непреходящую ценность и общность сведений у Фараби и Абая по истории и этнографии тюрков: «Түрік тарихы мен этнографиясы туралы бір қысқа да нұсқа мағлұматты әл-Фарабидің «Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері» атты әйгілі трактатынан ұшыратамыз». Далее автор пишет об универсализме музыки у аль-Фараби: «әл-Фараби тағылымы — музыканың барлық халыққа ортақтығы. Бұл туралы қиял-ойларымызды біз 1975 жылы «Жұлдыз» журналының оныншы санында жарық көрген «Әл-Фараби Бағдат шаһарында» деген хикаямыздың «Қорқытпен дидарласу» бөлімінде келтіргенбіз».

Внимательное прочтение Кубесовым наследия аль-Фараби и Абая Кунанбаева позволило высказать мнение о науке Калам и ученых-мутакалимах у Фараби и Абая: «Әл-Фараби өзінің «Ғылымдар тізбегі» атты энциклопедиялық трактатында сол тұстағы ресми діни ғылым – қаламның пәнін, мазмұнын анықтап береді. Қалам ілімінің білгірлері мутәкәллимдер туралы Абай да өлең шумағын арнағаны мәлім. Немаловажно, что уже в те годы Ауданбек Кубесович ясно пишет об общности научно-педагогических взглядов Фараби и Абая и об исламской этике как основе их педагогики.

О наставнике Б.А.Розенфельде известно, что его московскими коллегами были знаменитые А. Н. Колмогоров и А. П. Юшкевич. Вынужденно эмигрировав из СССР в США до распада страны, в 1990 году, Борис Абрамович стал профессором Университета штата Пенсильвания, читал лекции по геометрии. Ценность представляют его мемуары «Пространства, времена, симметрии. Воспоминания и мысли геометра». В этой книге воспоминаний в числе лучших своих учеников, защитивших кандидатские диссертации в Москве, Борис Розенфельд указал казаха А.Кубесова. Наставник пишет: «Особенно активно изучал творчество ал-Фараби мой ученик казах Ауданбек Кубесов. Ал-Фараби был автором огромного энциклопедического труда «Второе учение» («Первым учением» считалась «Первая философия» Аристотеля), самого ал-Фараби называли «Вторым учителем». «Второе

учение» состояло из изложения логики, физики, математики, астрономии, музыки и метафизики («божественной науки»). Сохранились только логическая, астрономическая и музыкальная части этого труда».

Далее мэтр Б.Розенфельд вспоминает: «Мы с Кубесовым издали русские переводы математических трактатов ал-Фараби, важнейшие из которых - его комментарии к Евклиду и трактат о геометрических построениях, а также астрономическую часть его энциклопедии - комментарии к «Альмагесту» Птолемея. В Алма-Ате и Ташкенте изданы также русские и казахские переводы многих трактатов ал-Фараби. Трактат о геометрических построениях был дополнен багдадским математиком и астрономом Абу'л-Вафой ал-Бузджани (940-998) – учеником ученика Сабита ибн Корры»

Развивая ценное для казахстанской науки направление, А.К.Кубесов успешно обрел докторскую степень по педагогике на базе трудов аль-Фараби в 1990-м году в Ташкенте. Обширные знания обеспечили ему звание доктора в форме научного доклада. До конца жизни он оставался верен избранной теме. В исследованиях А. Кубесова приведены основные сведения о рукописях, изданиях, переводах и исследованиях сочинений аль-Фараби, содержащих физико-математические сведения. Некоторые другие сведения о зарубежных изданиях, переводах и исследованиях этих сочинений можно найти в библиографической книге Н. Решера (Rescher N.). Отрадно, что именно А.К.Кубесовым был обнаружен и изучен ранее неизвестный геометрический трактат аль-Фараби «Книга духовных искусных приемов и природных тайн о тонкостях геометрических фигур». Этот труд аль-Фараби был посвящен геометрическим построениям, важным в землемерии, архитектуре, технике и геодезии, состоит из введения и 10 книг (макалат).

К сожалению, А.Кубесов рано ушел из жизни в 2008 году, в возрасте 76 лет. Автор более 200 научных, научно-познавательных работ и переводов с арабского языка аль-Фараби, он воспитал плеяду талантливых учеников и его имя навсегда останется в интеллектуальной сокровищнице нашего университета и отечественной науки.

**Гюльнар МУКАНОВА,**  
профессор кафедра  
издательского дела и дизайна



# Жемқорлық – ауыр кесел

**Сыбайлас жемқорлықпен жан-жақты күрес мәселесі күн тәртібінен еш түскен емес. Мемлекетімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде айқындалған.**

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың бастамасымен азаматтар мен қоғамдық ұйымдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі іс-қимылға неғұрлым ауқымды тартудың катализаторы ретінде нормативтік-құқықтық актілердің жобасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманы қалпына келтіру бойынша заңнамалық түзетулер енгізілген болатын. Осыған орай, 16 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің Қаулысы бекітілген болатын.

Заңдар мен нормативтік құқықтық актілерге және олардың жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндетті сараптама жүргізу біздің елімізде әкімшілік реформаны табысты іске асырудың басты шарттарының бірі болып табылады.

Конкурстық рәсімдердің нәтижесінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үйлестіруші ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл институты тиімділігінің негізі ретінде сарапшыларды сапалы іріктеуге қатысты қызметке жауапты. Атап өтетіндігі, сараптамалық қоғамдастық өкілдерін кеңінен тарту және сарапшыларды іріктеудің барлық кезеңдерінің ашықтығын қамтамасыз ету стратегиялық тұрғыдан маңыздылыққа ие. Сарапшы ретінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің деканы Д.Л. Байдельдинов бастаған бір топ ұжым да белсене атсалысуда.

Нормативтік құқықтық актілер жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманың мақсаты – нормативтік құқықтық актінің жобасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды анықтау және анықталған сыбайлас жемқорлыққа бейім нормаларды жоюға бағытталған ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Сараптама негізінен, қабылданатын нормативтік құқықтық актінің ықтимал тиімділігін анықтау және оны қабылдаудың ықтимал келеңсіз зардаптарын анықтау үшін жүргізіліп отыр.

Акт жобаларының ғылыми сараптамаларының барлық түрлерін олардың өлшемдерін, міндеттерін, сондай-ақ

оларды жүргізу сатыларын анықтау арқылы нормативтік бекітудің маңызы зор. Сараптама нақ осындай көзқарас құқық шығармашылығы процесі барысында нормативтік құқықтық актілер қабылдаудың қаржы-экономикалық, әлеуметтік-саяси салдарларын толықтай есепке алуға мүмкіндік береді.

Нормативтік құқықтық актілер жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптаманың негізгі міндеттері келесідей болып:

- құқықтық реттеудің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормалары мен олқылықтарын анықтау;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың ықтимал жасалуы бөлігінде нормативтік құқықтық актінің жобасын қабылдаудың салдарын бағалау;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға тосқауыл қоятын нормативтік құқықтық актілер жобаларының нормаларын ұсынымдар түрінде әзірлеу табылады.

Қоғам және заңға бағынышты азаматтар заңдардың объективті және жетілдірілген болуын қалайды, ал сапасыз заңнама сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін себептердің бірі болып табылады.

Қорыта айтқанда, қазіргі заңдарды жемқорлыққа қарсы сараптамадан өткізу уақыт талабы. Заңдардың сапасын көтеру үшін, мемлекеттік қызметкерлерге заңдарды бұрмалауға мүмкіндік бермеу үшін сараптаманың жүргізілуі міндетті, себебі, бұл қадам қоғамда жемқорлыққа жол бермеудің алдын-алу болып табылады.

Қоғам дертіне айналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы бұқара халықтың білімі төмен екендігін осы ретте мойындауға тура келеді. Көптеген адамдар мемлекеттік қызметкерлерді пара алуға өздері арандатады. Жемқорлық сияқты ауыр кеселді тек мемлекеттік және құқық қорғау органдарының күш-жігерімен жеңе алмаймыз. Сондықтан азаматтық қоғам институттарымен қарым-қатынасты нығайту қажет. Онымен бүкіл халық болып күресуіміз керек.

**А.А. ЕСЕКЕЕВА,**

*кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы*

**Филология және әлем тілдері факультетінде қазақ филологиясы мамандығының 1-курс магистранттарының ұйымдастыруымен Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай «Қайырымды қала тұрғындары» тақырыбында онлайн форматта дөңгелек үстел өтті.**

## ТӘЛІМІ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ

Дөңгелек үстелде магистранттарымыз Әбу Насыр әл-Фарабидің қайырымды қоғам құрудың қолайлы жолдарын іздейтін алты бөлімді «Қайырымды қала тұрғындары туралы трактаттар» кітабының әр бөлімінде не қарастырылатыны туралы тоқталып, талдап өтті. Кітаптың көшірілген нұсқалары әлемнің бірнеше музейлерінде, мұрағаттары мен кітапханасында сақталған. Атап айтқанда, Британия музейінде және Оксфорд университетінің Бодлиан кітапханасы қорында бұл еңбектің бірегей нұсқалары бар. Дөңгелек үстелге қатысушылар орта ғасырларда Еуропада кеңінен танымал болған аталмыш еңбектің алғаш рет 1895 жылы ғылыми айналымға енгізілгенін, арабтанушы Фридрих Дитрицидің баспаға әзірлеуімен жарық көргенін тілге тиек етті.

«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» трактатында Әл-Фараби мемлекет саясатының басты мақсаты адамдарды бақыт пен игілікке жеткізу деп санайды. Ол «бақыт дегеніміз — игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені, ең жетілгені» деп атап көрсетеді

және әр адамның оған жетуге толық құқығы бар дейді. Қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана ондай бақытқа жете алатындығын ашып айтады.

Сонымен қатар магистранттарымыз: «Сіз қайырымды қаланың қайырымды тұрғынысыз ба?», «Өз қалаңызды «қайырымды қала» қатарына жатқыза аласыз ба?», «Қаланы көркейту үшін қандай іс-шаралар атқарылып жатыр?» деген күрделі сауалдар төңірегінде пікір алмасып, көкейлерінде жүрген ойларымен бөлісті.

Әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығына қатысты қызықты дерек-дәйектермен де ой бөлісті. Бүгінгі сабақтан тағы бір түйгеніміз, магистранттарымыздың ойлары ұшқыр, талдаулары терең, мықты, нағыз ғылымға бой ұрған өрелі де білімді жастар екен.

Осындай танымдық сабақтар қазіргі өсіп келе жатқан жастар үшін өте пайдалы екеніне тағы бар мәрте көз жеткізгендей болдық.

**Шайгүл РАМАЗАНОВА,**

*филология ғылымдарының кандидаты*

**Ежегодно, магистранты и PhD докторанты КазНУ имени аль-Фараби, имеют уникальную возможность пройти научно-исследовательскую стажировку, в ведущих зарубежных организациях, чтобы попробовать свои силы в выбранной области специализации, получить бесценный опыт, а также собрать целый блок материалов из фонда хранилищ библиотек, по теме своих научных работ.**

## «Да будет свет»

Программа международных стажировок для выполнения части научно-исследовательских работ, является одним из важнейших направлений Международной деятельности вуза и способствует улучшению качества образования, повышению эффективности научно-исследовательской работы магистрантов и PhD докторантов, повышению их профессионального, культурного и образовательного уровня, установлению внешних и внутренних интеграционных связей, и выполнению миссии КазНУ.

В рамках реализации программы, нам удалось получить приглашение на целый семестр, от Калифорнийского университета в Дэвисе, который является одним из 30 лучших вузов США и входит в 5% лучших вузов международного рейтинга. Научная стажировка проходила на базе департамента истории, под руководством ведущего исследователя, ассоциированного профессора Яна Кэмпбелла, историка дореволюционной России, проявляющий особый интерес к отношениям между нерусскими подданными (и территориями) и имперским ядром. Его первая книга «Знание и концы империи» (Cornell, 2017) вошла в шорт-лист Книжной премии по истории Центрального Евразийского общества исследований 2018 года.

В течение всего времени нахождения на стажировке, нам удалось утвердить теоретические рамки, методологию и направление для дальнейшей работы, а также



в результате плодотворной работы, издать 2 научные статьи и начать работу над новой. Посчастливилось познакомиться с ведущими профессорами департамента, поработать со специалистами Шилдской библиотеки, ознакомиться с новой зарубежной литературой и получить положительный отзыв от руководителя стажировки.

Мы смогли не только получить новые знания и опыт, а также имели честь гордо представить наш «Альма-матер» в американском пространстве. Девиз университета гласит: «Fiat Lux», что означает «Да будет свет» для тех, кто всегда ищут знания.

**А.И. ДУЙСЕБАЕВА,**  
*докторант факультета истории, археологии и этнологии*

**Экономика және бизнес жоғары мектебі студенттерге арналған «Үздік экономист» зияткерлік ойынын өткізді**





# АТАҚҚА ЛАЙЫҚТЫ – ҒАЛЫМ

**Тарих, археология және этнология факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы, Ауған соғысының ардагері Болат Сайлан Санабайұлына 2020 жылы 27 қарашадағы № 65/397- VI шешімімен Түркістан облысы «Қазығұрт ауданының құрметті азаматы» атағы берілді.**



Отан алдындағы жауынгерлік борышын өтеу барысында Болат Сайлан 1985 жылдың 4 тамызынан 1987 жылдың 7 тамызына дейін Ауған жеріндегі азамат соғысына қатысады. Ол ауған соғысында 2 жылдай уақыт өмір мен ажалдың ортасында жүрді. Әскерден оралғаннан кейін, сол кездегі С.Киров атындағы ҚазМУ-дың дайындық факультетіне қабылданып, келесі жылы тарих факультетінің 1-курс студенті атанды. Студент кезінде өз группаластарынан дараланып тұратындығы жайында кезінде оған дәріс берген тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Б.Кәрібаев: «Студент шағында Болат қазіргі күндердегідей сабырлы,

байсалды қалпын өзгертпеген күйі әскери тәртіптің заңына сәйкес, оң қолын ғана көтеретін. Қарастырып отырған мәселеге байланысты сұрақ қойсаң, солдаттарша тұрып, нақты жауап беретін. Сөз саптауы мен ойы, пікірлері мен тұжырымдары өмір көрген адамдардыкіндей еді. Сол кезден-ақ ол әр тақырыпқа мұқият дайындалып, баға үшін емес, білім үшін оқып жүргенін көрсететін. Студент кезінде Болаттың киім киісі де басқа группаластарынан ерекшеленіп тұратын. Университетке міндетті түрде костюм-шалбар, ақ көйлек және галстукпен келетін. Менің ойымша, ол сол кезден бастап-ақ өзін жоғары білімді азамат, болашақ зиялы қауым өкілі ретінде іштей дайындай бастаған секілді», деп айтқандай, Болат студенттік кезінен-ақ өзіндік ерекшелігімен дараланған.

1993 жылы Болат әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін жақсы аяқтап, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасына оқытушы болып жұмысқа қабылданды. Болат Сайлан 1999-2001 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің дайындық факультеті деканының оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болды. 2001-2004 жылдар аралығында осы факультеттің деканы қызметін атқарды. Болат Санабайұлы Сайлан 2010 жылы 1 шілдеде «Кеңес өкіметі тұсындағы жастар саясатының Қазақстанда жүзеге асырылуы: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж.)» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, ғылым докторы дипломын алады. Ол 2012 жылы өзі білім алған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, тарих факультетіне қайта оралып, күні бүгінге

дейін Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры. Б.Сайлан – бүгінгі күндері елімізге белгілі әрі танымал ғалым. Ол алты монографияның, 100-ден аса ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалалар мен оқу, оқу-әдістемелік құралдардың авторы болып табылады.

Заман талабына сай, білім мен тәрбие беріп, шәкірттер тәрбиелеуде ұстаздың еңбегі зор. Ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы: «Ұстаздық - ұлы құрмет, себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысында, данасында, ғалымында, еңбекқор еншісінде, кеншісінде ұстаз өсіреді...», – деп, айтқандай, жан- жақты шәкірт тәрбиелеудегі барлық ауыртпалық ұстаздар еншісінде екені рас.

Ғалым, батыр Болат Санабайұлы алдыңғы буын ағалардың өмір тәжірибесінен, білімінен үлгі алып, оның өмірге қажетті жақтарын үйреніп, оны байытып, рухани байлығын алға өрлететін өзінен кейінгі шәкірт ізбасарларын тәрбиелеуде. Факультет ұжымы сізді Түркістан облысы «Қазығұрт ауданының құрметті азаматы» атануыңызбен құттықтайды. Сізге тәуелсіз еліміздің ғылымын көркейтіп, мәртебесін арттыру жолында жасап жатқан игі істеріңізге толағай табыс, болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие беруде еңбегіңізде үлкен жетістіктер тілейді.

**Г.Б. ҚОЗҒАМБАЕВА,**  
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

**Филология және әлем тілдері факультеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының оқытушысы Айнұр Ахметова мен Қазақ филологиясы мамандығының 3-курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Сенбілік кездесу» болды.**

## СЕНБІЛІК КЕЗДЕСУ

қолданыстары, шығармаларындағы идеялар басқа қаламгерлерден өзгек. Қайсыбір шығармасын алып қарасақ та, мазмұн-мәртебесінің анағұрлым салмақты, ұғынықты екенін аңғарамыз.

Кездесуде Дидар Аманай: «Кез келген өнерді алып қарасақ, қоғамды әрдайым ізгілікке, жақсылыққа шақырады. Заманына сай ар-ұят мәселесі де өзгеріп отырады. Алайда адамды тұлға еткен құндылықтар ешқашан, еш уақытта өзгермейді» деген болатын. Расымен-ақ, адам бойындағы асыл да құнды қасиеттер ешқашан да өзгермейді. Кездесудегі сұхбатынан, шығармалары мен мақалаларынан қаламгердің әрдайым жаңашылдыққа ұмтылатынын байқаймыз. Өз шығармаларында қысқа жазу принципін ұстанатынын көреміз. Кейіпкерлердің образы, іс-әрекеті мен қимыл-қозғалысын бір сөзбен беру – жазушының ерекшелігі. Жалпы, қаламгердің баяндау, суреттеу функционалдық типтеріне шектеу қойып, нақты іс-әрекетті аз сөзге көп



мағынаны сыйдыра отырып бейнелеуді дұрыс деп табатындығын көреміз. Кездесуде студенттердің басым көпшілігі осы мәселеге байланысты өздерінің көкейіндегі сұрақтарын қойды. Конференцияға факультетіміздің ұлағатты ұстаздары Шортанбай Шоқан, Имахамбет Райхан және жас

қаламгер Мерей Қосын қатысты. Дидар Амантайдың шығармалары нақтылығымен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. Қатысқан қонақтар, ұстаздар мен студенттер сұрақтарын қойып, шығармалары мен мақалаларына оқырман ретінде талдау жасап, өз ойларын ортаға салды.

Әрдайым ізденіс үстінде жүретін қаламгердің шығармалары әдебиетке жаңашылдық пен соны белес алып келері анық. Өскелең жас ұрпақты тәрбиелеуде, әдебиет өнерінің шарықтауына қаламгердің үлесі орасан зор. Жаңа заманда жаңашылдыққа ұмтылған қаламгерлерімізбен әрқашанда мақтануымыз керек. Әдебиетіміз жаңашылдыққа бет алса, әдебиет өнерінің еңсесі биік болады деген ойдамыз.

**Шоқан ШОРТАНБАЕВ,**  
аға оқытушы

**Асел ПСИБАЕВА,**  
Қазақ филологиясы мамандығының 3-курс студенті

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӨМИРҒАЛЕЕВА  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.